

іркеу нөмірі

ЖТ-2025-01614707

Қаралу мерзімі

дейін 05.06.2025

Сипаттама

«Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы Сіздерге «Бояулар құпиясы: Жазғы шаттық – 2025» атты республикалық онлайн сурет және қолөнер байқауының өтетінін хабарлайды. Байқаудың мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру және дарынды бүлдіршіндерді қолдау. Байқауға жұмыстар 13 маусымға дейін қабылданады. Осыған орай, Сізден байқауға қатысты ақпаратты балабақшалар арасында таратуға ықпал етуіңізді сұраймыз. Қосымшада байқау туралы толық мәлімет берілген ақпараттық хат-қазақ және орыс тілдерінде жолданып отыр. Онда қатысу шарттары, мерзімі және жұмыс қабылдау тәртібі толық көрсетілген. Балалардың шығармашылығын дамытуға бірге үлес қосамыз деп сенеміз! Құрметпен, Байқауды ұйымдастыру алқасы «Жаңа Қазақстан» республикалық ұйымы WhatsApp байланыс нөмірі: +7 775 600 8891

ЖТ-2025-01614707

20.05.2025 ж.

№01-1/008

10 мамыр 2025 жыл

Білім басқармалары
Білім бөлімдері
Балабақша меңгерушілеріне

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балалардың өнерін дәріптеу, өзін-өзі еркін түрде шығармашылық арқылы көрсетуіне жағдай жасау, сондай-ақ жас ұрпақтың эстетикалық талғамы мен өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бояулар күпиясы: Жазғы шаттық – 2025» атты республикалық онлайн сурет және қолөнер байқауы өтетіндігін хабарлаймыз.

Байқаудың өткізілу уақыты 2025 жылғы 15 мамыр – 13 маусым аралығы.

Байқаудың мақсаты:

- Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- Өнерге бейімі бар балаларды қолдау;
- Жас ұрпақтың эстетикалық талғамы мен өнерге деген қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар:

Байқауға республика көлеміндегі балабақша тәрбиеленушілері (мектепке дейінгі жастағы балалар) қатыса алады.

Байқаудың шарттары:

1. Байқауға сурет немесе қолөнер бұйымдары қабылданады.
2. Жұмыстар жаз мезгілі тақырыбына сай болуы керек.
3. Шығармашылық жұмыстар әр баланың өз қолымен жасалуы тиіс (тәрбиешілер мен ата-аналар көмектесе алады, бірақ негізгі жұмысты бала орындауы керек).
4. Әр қатысушы тек бір жұмыс ұсына алады.
5. Байқау онлайн форматта өтетіндіктен, дайын жұмыстардың сапалы фотосуреттері немесе сканерленген нұсқалары қабылданады.

Жұмыстарды қабылдау тәртібі:

Жұмыстар 13 маусымға дейін қабылданады.

Қатысушылар өз жұмыстарын екі түрлі жолмен жібере алады:

- Мына сілтемеге жүктеу арқылы <https://forms.gle/DVnVAglH7JbKoXcG9>
- WhatsApp арқылы: +7 775 600 8891 номеріне.

Қорытынды 20 маусым күні жарияланып, жеңімпаздар анықталады.

Бағалау критерийлері:

- Тақырыпқа сай келуі;
- Шығармашылық көзқарас;

- Түстердің үйлесімділігі;
- Орындалу техникасы.

Қорытынды және марапаттау:

- Барлық қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.
- Жетекшілерге алғыс хат беріледі.
- 5 және одан көп бала дайындап қатыстырған жетекшілерге ұйым атынан арнайы Құрмет грамотасы беріледі.
- Оқушылардың дипломдары және жетекшілердің алғыс хаттары, құрмет грамоталары 20 маусым күні байқау қатысушыларына электронды түрде сілтеме ретінде жолданатын болады.
- 20 бала дайындап қатыстырған тәрбиешілерге ұйым атынан Төсбелгі табысталады.
- Байқауға қатысу жарнасы **800 (сегіз жүз) теңге.**
- **Төлем жасау үшін** WhatsApp нөміріне +7 775 600 8891 жазып, төлем сілтемесін алуға болады (жұмысты жіберу барысында төлем квитанциясы коса жолдануы қажет).

Барлық сұрақтар бойынша WhatsApp нөміріне +7 775 600 8891 жазу арқылы жауап алуға болады.

Жұмыс уақыты: 10:00 - 18:00 (Жексенбі – демалыс).

Сұрақтарға жұмыс уақытында кезекпен жауап беріледі.

Ұйым директоры



Төребекқызы Л.